

**"Жергілікті атқарушы органдар борышының 2020 жылға арналған лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 7 қазандағы № 85 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 25 маусымдағы № 48 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 1 шілдеде № 20913 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жергілікті атқарушы органдар борышының 2020 жылға арналған лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 7 қазандағы № 85 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19455 болып тіркелген, 2019 жылғы 10 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жергілікті атқарушы органдар борышының 2020 жылға арналған лимиттері осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Мемлекет міндеттемелерін басқару және қаржы секторын дамыту саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

Р. Даленов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2020 жылғы 25 маусымдағы

№ 48 бұйрығына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2019 жылғы 7 қазандағы  
№ 85 бұйрығына  
қосымша

**Жергілікті атқарушы органдар борышының 2020 жылға арналған лимиттері**

№	Жергілікті атқарушы орган	Жергілікті атқарушы органдар борышының лимиті, мың теңге
1	2	3
1	Ақмола облысы	47 307 306,2
2	Ақтөбе облысы	55 889 337,6
3	Алматы облысы	53 453 754,4
4	Атырау облысы	34 460 685,1
5	Шығыс Қазақстан облысы	65 327 688,2
6	Жамбыл облысы	70 490 517,3
7	Батыс Қазақстан облысы	56 248 628,8
8	Қарағанды облысы	64 238 650,3
9	Қостанай облысы	45 631 077,4
10	Қызылорда облысы	58 744 948,1
11	Маңғыстау облысы	27 556 458,7
12	Павлодар облысы	33 592 064,3
13	Солтүстік Қазақстан облысы	33 717 080,5
14	Түркістан облысы	60 647 660,7
15	Алматы қаласы	91 504 528,9
16	Нұр-Сұлтан қаласы	97 593 986,9
17	Шымкент қаласы	38 696 618,0